

«Өсімдіктің екінші ұрмыры»



Тазуда Жерікті тарихи-эколану музейінде ашылған көріс осылай деп аталды. Сәйтқандай-ақ он саусағынан өнер талсан, павлодарлық суретші-флорист Ирина Павловна Воробьева өз туындыларында өсімдіктерге екінші өңір беріпті. Оған бір-бірін қайталамайтын автопортреттер, табиғат көріністерінен тұратын қырық картинаға қарап көз жеткізуге болады.

Ю.Поминов.

Сурет өнеріне деген әуестік Ирина Павловнаны Павлодар педагогикалық училищесінің мектепке дейінгі көркемсурет және музыкалық бөліміне алып келді.

Бас киімі терек ұлпасынан жасалған Абылайхан мен Владислав Листьев, сондай-ақ, тарихи және заманауи тұлғалар, пейзаждар суретшінің шеберлігін айғақтап тұр. Ол түрлі бояулармен шебер жұмыс істей білуіне қарамастан, табиғаттың өзі берген палитра, яғни, бояу тақтайшасына жүгінуді хош көреді. Табиғаттың өз сыйы болғандықтан шығар, табиғи көркем бояулар аса тартымды.

–Жас күнінен флористика өнерін үйренген Ирина Павловна уақыт өте келе өзінің технологиясын қалыптастырды. Түрлі табиғи материалдардан өрілген картиналардың жасалғанына ондаған жылдар өткенімен, алғашқы кейін сақтап қалған. Суретшінің замана көшімен бірге жүріп, бүгінгі таңдағы өзекті тақырыпты деп баса білуі таңдай қақтырады, –деді көрменің ашылу салтанатына Павлодардан арнайы ат арытып келген облыстық «Звезда Прииртышья» газетінің шолушысы

Оны бітірісімен Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетін тәмамдады. Өмірінің 35 жылын білім беру ісіне арнап, талай баланы сурет өнеріне баулыған суретші өзі де картина салуға әуестенетін. Кейін зейнеткерлікке шыққанда шығармашылықпен кәсіби тұрғыда айналысуға біржола ден қояды.

– Туристік сапармен Польша, Германия, Италия, Египет, Грекия, Түркия сияқты елдерге барғанымда көпшілік назарына картиналарымды ұсынып жүрдім. Картиналарым бір рет Мәскеуде, үш рет Новосибирскіде өткен көрмеге қойылды. Сондай-ақ, тағы да үш рет Санкт-Петербурда өткен халықаралық көрмеге қатыстым. 1994 жылы сондағы көзекті бір көрмеге барғанымда картиналарыма тамсанған Англия елшілігінің өкілдері Маргарет Тэтчердің портретін салуыма өтініш жасады, – дейді Ирина Павловна.

Суретші уақыт өте келе «темір леди-

дің» картинасын сапып, уаде бойынша Новосибирскіде ұйымдастырылған көрмеге ала береді. Бірақ та ол жолы ағылшындар келе алмаса керек. Костюмі жасымдық, шашы сөк пен тары, қымыздық тұқымдарымен безендірілген Маргарет Тэтчердің автопортретіне сүйсінген көрме ұйымдастырушылары 600 мың рубльге (Кеңес заманының ақшасы) аттай қалап сатып алыпты. Кейін Тэтчердің өзінен шақырту алғанымен, Англияға жолы түспегеніне өкінеді. Жалпы алғанда, суретшінің қолынан шыққан өзге де портреттер, пейзаждар мен иконалар, мешіт пен шіркеу бейнесі бар картиналар сурет өнерін түсініп, қадірлей білетін жандар арасында зор суранысқа ие. Айтпақшы, Абылайханның портреттеріне талсырыс беретіндер бәршылық көрінеді.

Суретші осыдан жиырма жыл бұрын Қарағанды қаласында өзінің жеке көрмесін өткізіп, елдің ыстық қыласына бөленеді. Мәдениет министрлігінің шақыруымен Алматыға барған сапарында І дәрежелі диплом, КСРО және Қазақстанның «Үздік мәдениет қызметкері» медалімен марапатталып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолы қойылған Құрмет грамотасына ие болуы

да суретші еңбегінің өлгені. Ал Қазақ КСР Білім беру ісінің Үздігі белгісі – талай шәкіртті өсемдікке баули білген ұстаздық қырының жемісі. Ол ол ма, Ирина Павловна 2000 жылы «Поле чудес» хабарына арнайы шақырылып, қатысқанын зор мақтанш сөзіммен еске алады.

45 жыл бойы картина салумен айналысып келе жатқан суретші туындыларында түрлі өсімдіктерді эстетикалық талғаммен ұтымды пайдаланады. Картиналарында зығыр,



тары мен укроп, қымыздық, көкнәр, бұршақ, итмұрын дәндері, терек ұлпасы, қайының сыртқы қабығы, райхан, таушымылдық, лала, қоңырау бас, інжуғұл сияқты гүлдер тұқымы, қауын қабығы, үнді шайы, керек десеңіз, қамысты да көдеге жаратады.

Ақын Мұқағали «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шөкпен жауып өзіне қайтарамын» дегендейін, ешбір химиялық қоспасыз, табиғаттың өз өніміне екінші рет мәңгілік гүмьр беріп келе жатқан Ирина Павловна сөз жоқ тұма талант. И.П.Воробьева картиналарының көрмесі бір ай бойы екібастұдықтардың көз қуанышына айналады.

Рауза МҰСАБАЙ